

"Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 141 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы 127/ОД бірлескен бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 527 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 8 шілдедегі № 317 бірлескен бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 141 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы 127/ОД бірлескен бұйрығының (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9516 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 16 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне көшірмесін жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан

Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ *Ж. Қасымбек*

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ *Қ. Бишімбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ